

**Қобда ауданы Бегалы ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 14 шілдедегі № 8 " Калиновка селосының көшелерінің атаулары туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Ақтөбе облысы Қобда ауданы Бегалы ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 21 желтоқсандағы № 21 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 27 желтоқсанда № 5774 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 шілдедегі "Қазақстан Республикасының кейбір Конституциялық Заңына және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, олқылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Конституциялық Заңына және Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 50 бабына сәйкес, Қобда ауданы Бегалы ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қобда ауданы Бегалы селолық округі әкімінің 2011 жылғы 14 шілдедегі № 8 " Калиновка селосының көшелерінің атаулары туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-7-121 санымен тіркелген, 2017 жылғы 7 желтоқсанда аудандық "Қобда" газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

қазақ тіліндегі шешімнің деректемелерінде, тақырыбында және мәтіні бойынша " селосының", "селолық" сөздері "ауылының", "ауылдық" сөздерімен ауыстырылсын;

көрсетілген шешімнің кіріспесі келесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес және Бегалы ауылдық округінің тұрғындары конференциясының 2011 жылғы 31 мамырдағы № 1 хаттамасы негізінде, Қобда ауданы Бегалы ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК